

Лебяжі ауданының Қызылағаш ауылдық округі Бесқарағай ауылындағы көшелерін қайта атау туралы

Павлодар облысы Лебяжі ауданы Қызылағаш ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 26 ақпандағы № 1-03/1 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 3 наурызда № 5886 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына сәйкес, Қызылағаш ауылдық округі Бесқарағай ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2017 жылғы 25 қазандағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Қызылағаш ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Лебяжі ауданының Қызылағаш ауылдық округі Бесқарағай ауылындағы келесі көшелері:

"Береговая" көшесі "Жағалау" көшесі болып;

"1 Мая" көшесі "1 Мамыр" көшесі болып қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылағаш ауылдық округі
әкімінің міндетін атқарушы*

Ж. Байтлеуова